



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№34-35
(19517-19518)
3 наурыз,
сенбі
2018 жыл
www.syrboyi.kz

САЛТАНАТ

БЕЙБІТ ЕЛДІҢ БАЯНЫ

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1-наурыз елімізде Алғыс айту күні болып жарияланғаны белгілі. Биылғы жылы еліміз мерекені үшінші рет атап өтті.

Алғыс айту күні – қилы заманда қазақ жерінен қоныс тауып, біте қайнасып кеткен түрлі этнос өкілдерінің өздерін жатсынбай бауырына басып, бір үзім нанды бөлісіп жеген жергілікті жұрттың дархандығы мен кеңпейілдігіне алғыс айтып, құрмет білдіретін күн. Мереке аясында Достық үйінде «Алғыс – ел сыйы» атты салтанатты кеш болды. Оған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен этномәдени бірлестік мүшелері, түрлі сала өкілдері және қала тұрғындары қатысты.

Шара ең алдымен мерекелік кеш концерттарының тілдерінен құралған «Тілек ағашы» және оқушылардың Алғыс айту күніне арналған эссе көрмесін таныстырудан бастау алды. Тілек ағашына барша қонақтар жақсы істердің бастауы болсын деген ниетпен лебіздерін ілесе, этномәдени бірлестік басшылары мен жастардан құралған топ алғыс шарларын аспанға ұшырды.

Мұнан соң облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қызылордалықтарды айтулы мерекемен құттықтады.

Алғыс айту күні – тағдыр тәлкегімен Қазақстанға қоныс аударған түрлі этнос өкілдерінің қазақ халқына ризашылығын білдіру арқылы бір-бірімізге деген құрметіміз бен сыйластығымызды арттыратын күн. Сонымен бірге, көктемнің алғашқы күні – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев төрағалық жасайтын еліміздегі қоғамдық маңызы аса жоғары екі саланың, дәлірек айтсақ, «Нұр Отан» партиясы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні. Міне, бүгінде «Алғыс айту күні» бейбітшілік пен келісімнің жарқын көрінісіне айналды. Қай кезде де жабырқағанның жаңына жалау болып, мұңайғанның маңдайына сипап, қиналғанды құшағына қысқан қазақ халқы әлемдегі ең бауырмал халық екенін өзіміз ғана емес, өзге де мойындай бастағаны ақиқат. Бүгінгі тарих тоғыстырған, тағдыр табыстырған барша ұлт пен ұлестің берік бірлігі мен тату тірлігі Қазақстанның басты жетістігі десек, артық айтқандығымыз емес, – деген аймақ басшысы мұнан әрі өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тоқталып, ел игілігі мен қоғамдық келісімді нығайтуға қосқан үлестері үшін Сыр елінің барлық тұрғындарына алғысын білдірді.

Өз кезектерінде облыстың этномәдени бірлестіктерінің өкілдері де тәуелсіз Қазақстандағы бейбіт және жарқын өмір үшін өз алғыстарын жеткізуді де ұмытпады.

Бұл күнді ерекше ықыласпен күтетін. Өйткені, біз бейбіт заманда, ынтымағы мен бірлігі жарасқан, берекесі мен дәулеті тасыған тәуелсіз елде өмір сүріп жатырмыз.



Осыған шүкіршілік етеміз. Мұның барлығы қазақ халқының арқасы. Осы достығымыз бен татулығымыз сақталып, кейінгі ұрпаққа жетсе деймін. Ең бастысы, тәуелсіз еліміздің тұғыры биік болсын, – дейді «Достық жер МК» ЖШС-ның директоры Милияр Арифов.

Мереке аясында жүрегі мейірімділікке толы жедел-жәрдем және адам өмірі мен денсаулығын сақтап қалу жолында аянбай еңбек етіп жүрген Сыр дикандарына, қаламыздың сәулетіне сән кіргізген құрылысшыларға алғыс айтылған арнайы телеграмма табысталды. Шара соңы мерекелік концертке ұласты.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы».
Нұрболат НУРЖАУБАЙ (сурет).

АЛА БОЛСА АҒАЙЫН...



ӨЛЕРМЕН ӨМІР



СҮЙІНШІ!

Корейден ғылымға ден қойған сырбойылық жастар жайлы ақжолтай хабар жетті. Осы елдің Дэджон қаласында өткен «Жас ғалым» халықаралық жобалар конкурсында өрендер ізденіске іңкәрлігін дәлелдеді. Жүлделі орындалды еңісілеп, ел мерейін тасытты. Оқушыларға жетекшілік еткен облыстық білім басқармасының «Дарын» қосымша білім беру орталығы директоры Қарлығаш Дауылбайқызымен тілдескенімізде де, ол инновациялық даму жолындағы өрлеу осындай баспалдақтардан басталатынын жеткізді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖОБА ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ



Аталған конкурста облыстан 4 оқушы қатысты. Барлығы да жетістік төрінен көрініп отыр. Бұл – біздің ғана емес, Сыр елінің жеңісі. Қуантарылығы, байқауда әрбір оқушы қолға алған тақырыбын толықтай зерттегенін көрсетіп, оны жоғары деңгейде қорғап шықты. Соның арқасында өрендердің «Биологиялық процестердің 4D модельдерін әзірлеу», «Компьютердің көмегімен газдардың концентрациясын анықтау», «Арал маңындағы тұрғындардың гематологиялық параметрлерін түзету әдістері» тақырыбындағы жобалары көптің ықыласына бөленді. Ұлы Абай: «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген. Хакімнің бұл өсиетін жастар жете ұғынған. Өйткені, олардың көпшілігі қазір ғылым жолын тандайды, болашақта біліммен биікке самғағысы келеді, – деді Қ.Ақышев.

Айта кетейік, жүлдегерлер қатарында «Мұрагер» мектебінің 11-сынып оқушылары Динмұхаммед Ақпан, Евгений Демиденко, Диана Валишаева мен №3 мектеп-лицейінің оқушысы Мағжан Бекетов бар. Бүгінгі инновация тілін еркін меңгерген мұндай жастардың алар асуы алда екені сөзсіз.

Мәлімді ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы».

БІЛІМ



ЖИЫН

АГРОСАЛА МӘСЕЛЕСІ ЖАН-ЖАҚТЫ ЗЕРТТЕЛЕДІ



Сырбойылық дикандарды егін шаруашылығын субсидиялау көлемінің төмендігі алаңдатады. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ерлан Нысанбаев және Су ресурстары комитетінің төрағасы Ислам Әбішевпен кездесуде олар осы мәселені көтерді. Басқосуды облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов жүргізіп отырды.

Сала жетекшілері бір апта бойы еліміздің оңтүстік өңірлерін аралап, шаруалардың жай-күйімен танысқан. Бау-бақша, жүзім, күріш, мақта шаруашылықтарын дамыту бағытындағы ұсыныс-пікірлерді жинақтаған. Кезекті кездесу еркін форматта өрбіді. Онда облыстағы шаруа қожалықтарының басшылары өздерін толғандыратын сұрақтарды қойып, өзекті мәселелерді алға тартты. Қармақшы ауданындағы «Ақтөбе және К» ЖШС төрағасы Нұрлан Іздібаев

жергілікті дикандар үшін ала жаздай атыз жағалап еккен күрішті енді өздері өңдеп, саудаға шығаратын мүмкіндік туғанын жеткізді.

Былтыр аудан көлемінде бірінші болып біз Оңтүстік Кореядан күріш ақтайтын зауыт әкеліп орнаттық. Бүгінде өңделген өнімді алыс-жақын өңірлерге, Ресей, Түркіменстан елдеріне экспорттап келеміз. Бірақ күріш қауызын өңдеуге болмашы субсидия төленеді, бұл – біздің алдымызда тұрған үлкен мәселе, – деді шаруашылық төрағасы.

«Нұр Отан» партиясының құрылған күніне орай, партияның облыстық филиалы төрағасы, облыс әкімі Қырымбек Көшербаев партия қатарына жаңа мүшелерді салтанатты түрде қабылдап, бірқатар азаматтарды алғыс хатпен марапаттады. Осылайша еліміздегі жетекші партия қатарына кәсіпкерлер, спортшылар, журналистер, үкіметтік емес ұйым өкілдері, студенттер қосылды.

ПАРТИЯ ҚАТАРЫ ЖАҢА МҮШЕЛЕРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Салтанатты шарада аймақ басшысы партия қатарына жаңадан қабылданған азаматтарды «Партия күнімен» және «Алғыс айту күні» мерекесімен құттықтап, Мемлекет басшысы, Партия Төрағасының стратегиялық жоспарын жүзеге асыру жолында белсенді жұмыс жасауға шақырды.

Сіздер партия мүшесі ретінде, экономикалық дамудың жоғары қарқынын және барлық азаматтардың әл-ауқатын бұдан әрі арттыруды ел алдындағы міндет деп түсінулеріңіз қажет. Сыр өңірі – талай сындалы сәтте сыр бермей, алдындағы міндетті табысты жүзеге асырып, жерді ғана емес, ғарышты да игеруге жол салған киелі мекен. Ең бастысы, Елбасы «Алаштың анасына» балаған, қазақтың қайнар мекені. Осындай айтулы аймақтың өсіп-өркендеуіне партия мүшесі ретінде сіздердің де лайықты үлестеріңіз болатынына сенемін, – деді облыс әкімі.



Партияның жаңа мүшелері атынан сөз алған «Жалағаш жаршысы» аудандық газетінің бас редакторы Нағымжан Сауязев халықтың қамқоршысына айналған «Нұр Отанның» қатарында болу зор мәртебе екенін айтты.

Бүгінде «Нұр Отан» елімізде ең басты саяси күшке айналған партия екені сөзсіз. Партия Елбасының басшылығымен еліміздің сенімді түрде ала жылуына, Тәуелсіздігіміз нығая түсуі үшін халықпен бірге қажымай-талмай жұмыс жасауда. Сондықтан да оған мүше болып, аймақ басшысының қолынан партиялық билет алу бізге үлкен сенім жүктейді. Абыройымыз асқақтай берсін. Ел аман, жұрт тыныш болсын, – деді ол.

Айта кетейік, «Нұр Отан» партиясының құрылғанына биыл 19 жыл толып отыр. Облыста 49 мыңға жуық мүшесі бар.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы».

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай өтетін облыстық іс-шаралардың бағдарламасы

№	Іс-шараның атауы	Өтетін орны	Өткізілу мерзімдері
1	8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік салтанат	Қызылорда қаласы, Н. Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры	2018 жылғы 7 наурыз сағ: 12.00
2	«Ана өмірдің шәрәтін, Ару – әлем сымбаты» атты мерекелік салтанатты концерт	Арал аудандық мәдениет үйі	2018 жылғы 6 наурыз сағ: 17.00
3	«Әлемнің жарығын сыйладың сен маған» атты мерекелік кеші	Қызылорда қаласы, Ө. Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы	2018 жылғы 6 наурыз сағат 11.00
4	Кәсіпкер, қолөнер шебері Қарлығаш Ильясова және Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, суретші, қолөнер шебері Гулпар Рамазановалармен «Әйелдер – әлеміміз әлемінің падишасы» атты кездесу кеші	Қызылорда қаласы, Ақмешіт музейі	2018 жылғы 6 наурыз сағат 11.00
5	«Ана – өмірдің шуағы» салтанатты жиыны	Қазалы аудандық Р. Бағланова атындағы мәдениет орталығы	2018 жылғы 7 наурыз сағ: 16.00
6	«Ана – тіршілік тынасы» атты салтанатты жиыны	Сырдария аудандық мәдениет үйі	2018 жылғы 6 наурыз сағ: 15.00
7	«Әйел – тіршіліктің шырағы, отбасының шырағы» атты мерекелік концерт	Шиеді аудандық мәдениет үйі	2018 жылғы 7 наурыз сағ: 11.00
8	«Әлеміміз әміршісі» салтанатты жиыны	Жаңақорған аудандық мәдениет үйі	2018 жылғы 7 наурыз сағ: 11.00
9	«Ана деген жырым бар шырқалатын» атты салтанатты жиыны	Жалағаш аудандық мәдениет үйі	2018 жылғы 7 наурыз сағ: 16.00
10	«Ару – көктем, әйел – жыр, әйел – ғұмыр»	Қармақшы аудандық мәдениет үйі	2018 жылғы 7 наурыз сағ: 16.00
11	8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне арналған «Ана – ғұмыр. Ана – төңір. Ана – шың!» атты салтанатты кеші	Қызылорда қаласы, С.Майқанова атындағы мәдениет үйі	2018 жылғы 7 наурыз сағ: 15.00
12	«Қыз ғұмыр» атты мерекелік қойылым	Қызылорда қаласы, филармония залы	2018 жылғы 8 наурыз сағ: 18.00

ТАБИҒАТ БЕЙҚАМДЫҚТЫ КЕШІРМЕЙДІ

Бейсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалық етуімен төтенше жағдайлардың алдын алу және жою комиссиясының отырысы өтті. Онда алдымен су нысандарының бүгінгі жағдайы және көктемгі су тасқынының алдын алу мәселесі талқыланды.

Облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Серік Сермағамбетовтың айтқанына сәйкес, Сырдария өзенінде 95 қауіпті учаскені қалпына келтіру белгіленген. Бүгінде аталған учаскелерде жұмыстар толықтай аяқталған. Оның ішінде «2017-2020 жылдарға арналған «Тасқын су қатерінің алдын алу және жою жөніндегі шаралар кешені» жол картасын іске асыру аясында жоспарланған 73 шараның барлығы орындалды. Үкіметтен қосымша 2 млрд теңге бөлу жұмыстары аяқталды. Жалпы қала және аудандар бойынша өзен бойында 56 қауіпті деген нысандарға 172 мекеме бекітіліп, 2 мыңға жуық адам тиісті құрал-жабдықтарымен шоғырландырылған.

Қазіргі күні «Шарлара» су қоймасынан төменгі ағысқа секундына 500 текше метр су жіберіліп жатса, оның 300 текше метрін «Көксарай» су реттегіші алып отыр. Хабарламашы облыс аумағына келіп жатқан су көлемі секундына 200 текше метр екенін жеткізді. Оңтүстік аудандарда мұз жұқарып, қозғалыс басталды. Оған қазіргі ауа райы да әсер етуде. Апта басында «Көктем-2018» республикалық командалық оқу жаттығуы өтеді. Оған барлық азаматтық қорғаныс мекемелері қатысады.

Комиссия отырысында көктемгі су тасқынының алдын алу шараларының орындалу барысы туралы аудан әкімдері, тиісті құрылымдар басшылары есеп берді. Бүгінгі жағдай бойынша 2018 жылы атқарылуы тиіс барлығы 19 нысан белгіленіп (оның ішінде біреуі құлатандыру жүйелерін орналастыру), оларға қажетті қаржыны республикалық бюджеттен бөлу көзделіп, жалпы жұмсалатын қаржы 13,4 млрд теңгені құраған.

ОҚИҒА

ОБЛЫС ӘКІМІ ТИТОВТАҒЫ ҚҰЛАҒАН ЖАТАҚХАНА ОРНЫНА БАРДЫ

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Титов тұрғын ауданындағы бір бөлігі құлаған жатақхана орнына барды. «Мұрагер» мектебіне уақытша орналастырылған тұрғындармен жүздесті.

Естеріңізге сала кетейік, 28 ақпанда жергілікті уақытпен сағат 22.40-та Титов тұрғын ауданындағы 16 А жатақхананың тұрғындар қоныстанбаған бөлігі құлады. Ғимараттың төртінші подъездінің 1 және 5 қабаты аралығындағы бөлігі опырылып түсті. Зардап шеккендер жоқ. Жатақхананың екінші бөлігінде тұратын 46 отбасы қауіпсіз жерге, «Мұрагер» мектебіндегі эвакуациялық бекетке көшірілді. Оларға алғашқы медициналық және психологиялық көмек көрсетілді. Тұрғындар тамақ және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілді.

Қазіргі таңда, аталған жатақхананы бұзу туралы шешім қабылданды. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, тұрғындар 6 ай мерзімге уақытша тұрғын үймен қамтамасыз етіледі. Қаржысы жергілікті бюджеттен беріледі. Сондай-ақ, арнайы комиссия құрылып, олар әр тұрғынның жағдайын зерттеп, заң шеңберінде баспанамен қамтамасыз етілмек.

Аталған жағдай облыс әкімдігі мен қала басшылығының жіті бақылауында болады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

БРИФИНГ

ДАРИЯ БОЙЫ ТОЛЫҚ БАҚЫЛАУДА

Көктемнің шуақты күні жеткенмен, өзен жағалаған елдің суға қарап елеңдейтіні анық. Жылы жаңбыр қар мен мұзды ерітіп, тасқынға ұласуы ықтимал. Әйтсе де, өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында «аймақта су басу қаупі жоқ» деді облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Серік Сермағанбетов.



лекет қаржысын желге шашумен тең. Аймақ басшысы қауіпті кезең сейілгенше барлық жауапты тұлғалардың іс-сапарларға шығуына болмайтынын қатаң ескертті.

Комиссия отырысында талқыланған келесі мәселе облыс аумағында Қырым-Конго геморагиялық қызбасына қарсы шаралар турасында болды. Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар жайын облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова баяндады. Ол облыста 2017 жылы 1434 адам кене шағумен тіркеліп, Қырым-Конго геморагиялық қызбасына күдікпен 27 науқас ауруханаға жатқызылғанын мәлімдеді. Оның ішінде екеуінің диагнозы нақтыланып, бір науқас медициналық көмекке кеш қаралу салдарынан көрсетілген кешенді емге қарамастан, қайтыс



Облыс әкімі жағдай бірқалыпты деп бейқам отыруға болмайтынын атап өтті. Күтпеген жерден судың жиырып кетуі әбден мүмкін. Осы ретте облыс орталығы тұсындағы саяжай тұрғындарымен тиісті жұмыстар жүргізу жөнінде қала басшылығына нақты тапсырмалар жүктелді. Жылда қайталану бетінен келесіздіктерге тоқтам салатын мезгіл жетті. Ал тікұшақты орынсыз жалдай беру ол мем-

болды. Сондықтан жалпы кене шағу, ауру саны өткен жылдардан төмен болғанымен, эпидемиологиялық ахуал күрделі болып бағаланды. Облыста 266 елді мекенде жүргізілген барлау жұмыстарының нәтижесінде 53342 кене жыналып, одан 5071 сынама дайындалып, оның ішінде 147 сынамада «он» нәтиже анықталды, зақымдалу көрсеткіші 2,8 процентті құрады (республикалық орташа көрсеткіш – 2,7).

Департамент өкілі келесі мәселеге назар аударылуын атап өтті. Кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстарына облыстан жылда қыруар қаржы бөлініп келеді. Мемлекеттік сатып алу нәтижесінде жылда басқа аймақтардың мердігер мекемелері ұтып алуда. Басқа облыстардан ұтып алған мекемелердің жол шығыны, осы жерден жалдайтын мамандарына жұмсалатын қаражатты, дөрілік препараттарды тасымалдауы, тағы басқа жұмыстарына кететін шығын өте көп. Сонымен қатар, эпидемиологияда ауру тіркеле қалған жағдайда ошақта нүктелік залалсыздандыру жұмыстарын жедел ұйымдастыру барысында қиындықтар туғызады.

Сондықтан бұл жұмыстар облыста құрылған ветеринариялық ұйымдарға берілсе, сапасы артады деп санайды. Себебі бөлінген қаржыны ветеринариялық ұйымдар пайдаланады. Ауру тіркеле қалған жағдайда, серопозитивті кенелер анықталған уақытта шұғыл іс-әрекет жасауға мүмкіншіліктер көп болады. Облыс әкімі бұл ұсыныстың өте дұрыс екенін айтып, қолдау білдірді. Сонымен қатар мал тоғыту орындары мәселесін шешу қажеттігі айтылды. Ал Шиеді, Жанакорған аудандарында малды тауға ерте көктемде алып кетуі себепті алдын алу шараларын ертерек жасап бітіргені жөн.

Осы орайда аймақ басшысы облыстың буферлік аймақтан шығуы оңай соқпағанын, сол себепті бұл жұмыстарға өте жауапкер қажеттігін қадап айтты. Қала және аудан әкімдері мал басын, қора, суат, шаңлақ саны мен көлемін қайта қарап, қажет болған жағдайда облыстық ветеринария басқармасына ұсыныс берулерін міндеттеді. Ал іс-шаралар жоспары бекітілмеген бірқатар аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдігіне жедел түрде жоспарларын бекітуді тапсырды.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы».

ТҰРҒЫНДАР БАСПАНАҒА ОРНАЛАСТЫРЫЛУДА

Оқиға орын алғаннан кейін Қызылорда қалалық төтенше жағдайлар басқармасының бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Ербол Әлішеров құтқарушылар 112 нөміріне хабарлама түскен бойда оқиға орнына жеткенін, жұмысқа 80-нен астам маман және 20-ға тарта техника жұмылдырылғанын айтқан еді.

– 5 қабатты жатақхананың 4-подъезінің оң жағы толығымен құлаған. Әйтеуір, бұл жағында ешкім қоныстанбаған болып шықты. Жатақхана тұрғындарының басым бөлігі №2 «Мұрагер» мектебіне көшірілді. Қалғандары туған-туыстарының үйлерін паналай тұрады, – деді басқарма бастығы.

Осыған байланысты кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында құлаған жатақхана тұрғындарының жергілікті билік есебінен жалға алынған пәтерлерге көшірілгендігі хабарланды. Бұл туралы қала әкімінің орынбасары Асылбек Шәменов айтты.

– Бұған дейін «Мұрагер» мектебіндегі эвакуациялық бекетке орналастырылған 46 отбасыны 2 күнде пәтерлерге орналастырамыз деп мәлімдеген болатынбыз. Қазіргі кезде отыздан астам отбасын көшірдік. Бұл жұмыс жалғасып жатыр, – деді қала әкімінің орынбасары.

Оқыс оқиғаға байланысты құрылған арнайы комиссия заң талаптарына сәйкес баспанамен қамту үшін әр отбасының жағдайын зерттеп жатыр.

Бұдан бөлек, кеше облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, қаладағы жатақханалардың жағдайын анықтайтын арнайы комиссия құрылды. Комиссия жұмысының нәтижесі 12 наурызда белгілі болады.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

1-бет

АГРОСАЛА МӘСЕЛЕСІ ЖАН-ЖАҚТЫ ЗЕРТТЕЛЕДІ

Аграрлық сала өкілдері субсидиялау ережесінің жиі өзгеруімен келіспейді. «Өзгеріске енді үйрене берген кезде ауысып кетеді. Қарамағымыздағы қарапайым дикан тұрмақ, өзіміз түсініп үлгермейміз», – дейді олар. Оларды, әсіресе, агроөнеркәсіп кешенін реформалау аясында өсімдік шаруашылығындағы гектарына төленетін субсидия көлемінің 2016 жылдан бастап азайғаны алаңдатады. Сырдария ауданындағы «Шаған Жер» ЖШС төрағасы Бердікұл Қадыров осы орайда субсидияны проценті төмен несиелен алмастыруды ұсынды.

– Ресейде «Агробанк» деген бар, егін, мал шаруашылығымен айналысушы адамдарға, ұйымдарға өте төмен процентпен несие береді. Бізге де осы тәсілді қолдану керек сияқты. Субсидияны сонымен алмастырса, өнімді жұмыс істеуге мүмкіндік туар еді, – деп кәсіпкер.

Ал Жалағаш ауданындағы «Ер Әлі» шаруа қожалығының төрағасы Әліби Бекжанов ауыл шаруашылығы техникаларын субсидиялау қажеттігін, Қазалы ауданындағы «Сыр маржаны» ЖШС директоры Міножаддин Өтеев көп нәрсе күріштің өзіндік құнына байланысты екенін айтты. Су ресурстары комитетінің төрағасы Ислам Әбішев сырбайлық шаруаларды тек күріш егумен шектелмеуге, егін шаруашылығын әртарапандыруға

шақырды. Дегенмен, ықылым заманнан күріш өндірісіне негізделген аймақта бұл мәселе бүгін-ертең шешіледі деу қиын.

– Күрішті басқа дақылдармен ауыстырудың ыңғайын да, пайдасын да көріп тұрғанымыз жоқ. Бидай ескеннен қол-көсір табысқа келсе алмайсың. Пәлен гектар жерге жоңышқа ескенмен бәрін бірдей өткізе алмайсың, – деді «Шаған Жер» ЖШС төрағасы Бердікұл Қадыров.

Ы.Жакаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бөлім меңгерушісі Лаура Тохетова сала ғалымдарының мәселесін жеткізді. Оның айтуынша, мақсатты қаржыландыруға жүйесіздіктің кесірінен институт қызметкерлері жалақыны уақыттыңан кешіктіріп алып жүр. Сондай-ақ, ғалым ауыл шаруашылығында отандық селекцияның үлесін арттыру керектігіне тоқталды.

– Шетелдік селекцияға тәуелділік болашақта опық жетгізі мүмкін. Сондықтан отандық сорттарды дамытуға мән беруге тиіспіз. Өйткені, ол – қашанда мол өнімнің кепілі, – деді ғалым.

Министрлік өкілдері жиында көтерілген мәселелерді шешу мүмкіндіктерін жан-жақты қарастыруға уәде берді.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы».

БОЛАШАҚТЫҢ ІРГЕТАСЫ

1-бет

– Елбасының биылғы Жолдауында адамзат қадам жасап отырған төртінші өнеркәсіптік революция кезеңінде адами капиталды дамытудың мәселелері, жалпы әлемдегі бәсекеге қабілеттіліктің бүгінгі деңгейі қандай, соған жауап берудің жолдары айқындалған. Сондықтан, бүгінгі уақыт талабына сай сандық технологияны меңгеріп, білім, ғылым деңгейін жана сапаға көтеру арқылы адами капиталды дамытудың маңызы ерекше, – деді Р.Рүстемов.

Жолдау жүктеген жана міндеттер жөнінде баяндаған вице-министр, білім саласына байланысты көптеген жанадықтар енгізіліп отырғанын айтты. Мәселен, білім берудің жанаартылған мазмұнына көшкен ұстаздардың лауазымдық жалақысы осы жылдың басында 30 процентке көбейсе, мұғалімдердің біліктілік деңгейін ескеретін жана аттестациялау жүйесі енгізіліп, осы жүйе бойынша біліктілігі расталған мұғалімдердің жалақысы 30-50 процентке дейін өсетін болады.

Саладағы басымдықтың бірі – 2019 жылдан бастап қала мектептерінде төрт пәнді

ағылшын тілінде оқыту қарастырылып отыр. Әзірліктеріне қарай бұл жанадық ауыл мектептерінде де қолға алынады. Сонымен қатар, биыл ҰБТ және кешенді тестілеу емтихандарының уақытын тиімді ұйымдастыруға байланысты да өзгерістер енгізілгені айтылды. Ал жоғары оқу орындарына білім беру бағдарламаларын жасауда академиялық еркіндік беру мәселесі қарастырылып, оның нәтижесінде оқу орны қажетті мамандықтарды енгізуде дербес шешім қабылдауға қол жеткізетін болады. Сондай-ақ, вице-министр мектеп оқушыларының сабақ жүктемесін азайту, оқулықтардың сапасын көтеру, мұғалімдерді қағазбастылықтан арылтып, электронды жүйені тиімді пайдалану, жалпы мұғалім мәртебесін көтеру мәселесінің қарастырылып жатқанын жеткізді.

Айта кетейік, біздің аймақта заман талабына сай, еңбек нарығына қажетті мамандар даярлау мәселесіне мән беріліп, бұл орайда осыған дейін Ресей мемлекетімен тұрақты байланыс орнатылған болса, алдағы уақытта сандық технология мамандарын дайындау мәселесінде Татарстан, Қытай мемлекеттерімен әріптестік

бағытта жұмыс жасауға қажетті шаралар қабылданып жатыр. Аймақ басшысының тапсырмасымен, биылдан бастап облыс әкімінің білім саласына арналған грантының 70 процентін IT мамандарын дайындауға бағыттау мәселесі қарастырылып отыр.

Жұмыс сапарында ҚР Білім және ғылым вице-министрі А.Аймағамбетов бірқатар білім беру ұйымдарында болды. Облыстың техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы тың жанадықтармен танысауда «Абылайхан» атындағы жоғары колледжінде, облыстық дарынды балаларға арналған №4 мектеп-интернатында болып, оқу-тәрбие жұмысындағы басымдықтарға назар аударды.

Жиында №5 мектеп-лицейі директоры А.Избасова, Қорқыт ата атындағы КМУ-дың есептеуші техника және акпараттық жүйелер кафедрасының меңгерушісі С.Ибадулла хабарлама жасап, салаға енгізіліп отырған жанадықтар мен өзгерістерге байланысты ой-пікірлерін білдірді.

Жыныға облыстық мәслихат хатшысы Н.Байқадамов қатысты.

Ғазиза ӘБІЛЛА,
«Сыр бойы».

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

ҰСЫНЫС-ПІКІР ҚАРАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалында Білім және ғылым вице-министрі Асхат Аймағамбетов азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға негізінен балабақша тәрбиешілерінің жалақысын көтеру, «Алтын белгі» иегерлеріне берілетін жеңілдіктер, колледж бітірушілерінің кешенді тест тапсыру, ағылшын тілін үйрету курстарында біліктілік арттыру мәселелері сөз болды.

Балабақша тәрбиешілерінің жалақысы мектеп мұғалімдерінің жалақысынан әлдеқайда аз. Осылай деген Айнұр Бекішева «Алтын ұя» балабақшасының тәрбиешісі болып қызмет атқарады. Жас маман ретінде айына алтын жалақысы 61 мың теңге.

Өз кезегінде Асхат Аймағамбетов қазір мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орны оқытушылары жалақыларын көтеру шешілгенін айтты.

– Ендігі кезекте мектепке дейінгі тәрбиешілер еңбекақысына байланысты мемлекеттік бюджетке

сәйкес жұмыстар атқарылатын болады, – деді ол.

Ал Ұлжан Жүсіпова колледж оқытушыларына ағылшын тілін үйрету курстарында біліктілікті арттыру мәселесін көтерді. Вице-министр өткен жылы 13 мыңға жуық мұғалім оқу курсынан өткенін айтты.

– Ағылшын тілін үйрету курстарында біліктілігін арттырған колледж оқытушыларының еңбек ақыларына үстеме қарастыру мәселесі орынды, ұсынысыңыз қаралады, – деді вице-министр.

Колледж бітірушілерінің кешенді тест тапсыру мәселесімен келген Гүлжазира Зікірге вице-министр колледж түлектері үшін шекті балды 35-тен 25 балға түсіру, яғни 50 проценттен 35 процентке азайту мәселесі министрлік тарапынан қарастырылып отырғанын айтты. Сонымен қатар, тест тапсыруға құжат қабылдау мерзімін шегеру бойынша колледждің оқу жоспарына өзгеріс енгізуге ұсыныс берілген.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы».

УАҚЫТША ШЕКТЕУ ҚОЙЫЛДЫ

Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жүктеме 8 тоннадан асатын көлік құралдарына уақытша шектеу енгізілмек. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында облыстық көліктік бақылау инспекциясының басшысы Ержан Жолдасов хабарлады.



– Жол желілерінің сақталуын қамтамасыз ету шаралары автокөліктерге көктем және жаз мезгілінде шектеу енгізілді талап етеді. Себебі, климаттық ерекшелік – жол бойындағы қозғалыс жағдайына, жұмыс режиміне тікелей әсер ететін фактордың бірі. Мәселен, қыс мезгілінен көктемге ауысу кезеңіндегі 0-15 градус аралығында жол желісі жұмсарып, ауыр салмақты көліктердің қозғалысына төтеп беру күшінен айырылады. Осыған қарап 40-50 тонна жүк тасымалдайтын көліктердің келтіретін зиянын бағамдауға болады. Айта кету керек, мұндай шектеулер жыл сайын енгізіледі және бұл тәжірибе ауа райы үкес өзге елдерде де қолданылады. V жол-климаттық аймаққа жататындықтан, бізде көктемгі шектеу I наурыздан I сәуірге дейін жүргізіледі. Өткен жылы шектеу бойынша бірқатар түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылды. Дегенмен, заң талаптарын аттаған 177 жеке және заңды тұлға анықталып, әкімшілік жауапкершілікке тартылды, – деді инспекция басшысы.

Жиында халықаралық келісімдерге сәйкес төтенше жағдайларды жою және алдын алу жөніндегі шараларды жүзеге асыратын, тез бұзылатын тауарлар және дәрі-дәрмек тасымалымен айналысатын автомобильдерге шектеу қойылмайтынын айтылды. Сонымен қатар инспекция көктемгі шектеу кезіндегі заңнама талаптарын түсіндіру мақсатында «Жолда қабылдау» акциясын ұйымдастырды. Науқан «Самара-Шымкент» тас жолының 1835 шақырымындағы Бірқазан кентінің маңында өтті.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы».

Biz jǎne Biznes

“SYR BOIY” GAZETINIŇ ARNAIY BETI

Міне, көктемнің алғашқы күндері де басталды. «Түске дейін мүйіздей, түстен кейін киіздей» дейтіннің нақ өзі. Қысы ұзақ, қытымыр дегенмен, Қазалы өңірінің де ауа райынан көктем ышаны сезіледі. Көңіліңе тіршілік біткен жандана түскендей әсер қалдырады. Көшеде ерсілі-қарсылы сапырылсаң жүргінші, әрі-бері ағылған көлік қарасы да ұлғая түскен. Мұндай көріністі «Ер-Биби-Болат» аталатын техникалық қызмет көрсету кешенінен де байқадық. Бұл жерде автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, көлікті жуумен қатар монша қызметі де тұтынушылар көңілінен табылуда.

КӨП ІС
ТЫНДЫРҒЫҢ
КЕЛСЕ,
КІШКЕНТАЙДАН
БАСТА



Кешен иесі – Назым Аққоянова есімді азаматша. Көлік жөндеу ісімен ұлдары айналысса, Назымның өзі жалпы басшылық жасайды екен. Еңбек жолын өзі туып-өскен Майдакөл ауылында, аудандық ауруханада есепшіліктен бастапты. Ал есепке жүйріктік кәсіпкер ретінде шаруасын алға жылжытуына оң септігін тигізеті тағы белгілі. Содан бері де арада қаншама жылдар сығып өте шығыпты. Жалпақ жұрттың есінде көрген жаман түстей сақталған тоқырау кезеңі де Назымның отбасын айналып өтпеді. Алайда туысынан жігерлі келіншек қол қусырып үйде отыруды жөн санамады. Өмірлік жары Болатпен ақылдасып, кәсіп жасауды ұйғарды. Алғашқыда базарда балалардың ким-кешегін сатудан бастаған Назым тез арада шаруасын дөңгелетіп әкетті.

Өкінішке орай, көп ұзамай өмірлік жары Болат ауыр науқастан көз жұмды. Ауыр қайғы жанына батқанымен жасымады. Қалайда бастаған кәсібін жалғастыруды жөн санады. Бұл тұрғыда кәсіпкер ретінде мемлекет қолдауын да сезінді.

– Жеке кәсіпкер Назым Көптілеуқызы облыс көлемінде ауылдық жерлерге берілетін қолжетімді және жеңілдетілген несиені тиімді пайдаланған іскер жан. Ол «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» ЖШС арқылы «Микробизнес Қызылорда» жобасымен несиені алып, көліктерге техникалық қызмет көрсету орталығын ашқан болатын. Нақты кезеңде төрт адамды жұмыспен қамтып отыр. Сондай-ақ Назым аудан халқының әлеуметтік-тұрмыстық ахуалын жақсартуда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі

аясында тұрмысы төмен отбасыларға, мүгедектер мен қарастығы жоқ жандарға әрдайым қайырымдылық көмек көрсетуде, мәдени-көпшілік шараларға демеушілік жасауда белсенділік танытады, – дейді сала мамандары.

Кімге де табыс оңайлықпен келмейді. Ал тапқан ырзық-несібеде өзгеге қарасу мейрімділікті қажет етері белгілі. Бұл тұрғыда жеке кәсіпкер Назым Аққоянованың ісі көпке үлгі болғандай. «ЖШС арқылы «Микробизнес баста» демекші, базардағы сауданы берекелі кәсіпке айналдырған әйелдің табандылығы талайға ой саларлық дүние.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

АСЫЛ ТҮЛІК – ТАБЫС КӨЗІ

«Божбанбаев» шаруа қожалығы – Жаңақорған ауданындағы іргелі құрылымдардың бірі. Қауық елді мекенінде орналасқан қожалық иелігінде 120 гектар жер бар. Қожалық басшысы – Жасұлан Божбанбаев. Алда әлі атқарылатын толымды тірлік көп екенін айтты етті.

Отбасылық кәсіпке айналған шаруашылық үш адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Қожалықта 60 жуық ірі қара бар. Өткен жылы 26 сиырдан 18 бас бұзау алынған. Малдың жайын жасап, бабын табу да оңай шаруа емес. Бірақ шаруа әулеті ала жаздай малдың жем-шөбін даярлап, қораларын жөнде келтіреді. Тиісті мал ауруларына қарсы салынатын екіпелерді уақытылы жасап, Зеңгі баба тұқымын көбейтіп отыр.

Ет бағытындағы мүйізді ірі қара малының экспорттық әлеуетін дамыту мақсатында қабылданған «Сыбаға» бағдарламасы – ауылдағы мал өсіріп отырған ағайынға берілген зор мүмкіндік. Осы орайда өткен жылы Жасұлан Божбанбаев бағдарлама демеуімен мүйізді ірі қараны асылдандыруды қолға алды. Ол «Қамқоршы» несиесі серіктестігінен 3500000 теңге алып, шаруасын одан әрі дөңгелетуге жұмсайды. Алматы қаласынан арнайы асылтұқымды бұқа алынды. Сонымен бірге ақбас сиырлардың санын көбейтті. Жасұланның әкесі Сабырхан Божбанбаев бұл кәсіпті алғашында өзі жандандырады. Баласын қасына ертіп жүріп, шаруашылықтың қыр-сырын үйретеді. Кейін ұлына осы ісін табыстаған екен.

Елімізде «Сыбаға» бағдарламасының арқасында көптеген шаруа қожалықтары ірі қара малдың басын көбейту үшін



жеңілдетілген процентпен несиені алып келеді. Бұл біздерге жасалып жатқан зор мүмкіндік. Аталған бағдарлама игілігін көрдік. Енді алдағы кезде де мал басын тағы да көбейтсек деген ниетіміз бар, – деді Сабырхан аға.

Қыстың қытымыр аязынан ешқандай мал шығыны болмаған. Қайта селекциялық жұмыстардың нәтижесінде асылтұқымды бұзаулардың саны артқан. Қазықтың ақ бас тұқымдары елімізде көп жылғы селекциялық-асылдандыру жұмыстарының жемісі. Сүйек бітімді берік әрі мықты келеді. Сиырлардың салмағы шамамен 500-550 кг, ал, 3-4 жастан асқан бұқалары 850 кг тартады.

Қожалықта бұзаулар табын санын көбейту үшін шаруашылықта қалдырылып, ал өгізшелер етке өткізу үшін жеке бағылып жатыр. Етті аудан орталығына өткізеді. Шешілмеген мәселе жоқ емес. Кәсіпкер алдағы уақытта мал азығын дайындауды қолға алғалы жатқанын да жеткізді. Егістікке жер дайындау мақсатында құжаттар әзірлеп, тиісті орындарға

жібермек. Бұл іс оңтайлы шешілсе, шаруа малдың шөп-азығын өзі өсіреді.

– Кай істе болмасын еңбектену керек. Сонда нәтижесі болады. Қиындығы жоқ жұмыс болмайды. Табыс бар жерде шығыс бар дегендей... Бірақ мойымаймыз. Кейбір өзін қатарлы жастарға таңғаламын. Тіпесі темір үзетін жігіттердің екі қолға бір күрек таба алмай қалаға ағылатынына қайранмын. Ал, нағыз тіршілік ауылда. Өздеріңше мал бағуды місе тұтпай, мұрын шүйретіндер де бар, – дейді Жасұлан.

Расында, жас кәсіпкердің сөзінің жаны бар. Ол өзінің маңдай тері мен адал еңбегінің арқасында шаруасын дөңгелетіп отыр. Бұдан бөлек шаруа үй құсын өсіріп отыр. Жұмыртқасы мен етін күнделікті тұтынады. Алдағы тағы бір жоспары – жылқы өсіруді қолға алмақ. Еңбегімен ел алдынан көрінген азаматтың бұл жобасының да жүзеге асырына сенеміз.

Сара АДАЙБАЕВА,
“Сыр бойы”.

Кәсіпкерлер палатасы аймақта кәсіпкерлік саласының дамуына үлес қосуда іскер азаматтарға қолайлы экономикалық, құқықтық жағдай жасап келеді. Биылғы жылдың өңірінде «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» деп жариялануы, палата жұмысына тың серпін бергендей. Бұл жөнінде палата төрағасы Ғалымбек Жақсылықов қоғамдық кеңес отырысында баяндап берген болатын.

ҚР ҰҚП
АТАМЕКЕН



БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІНІҢ БЕДЕЛДІ ҰЙЫМЫ

Кәсіпкерлер палатасы құрылған сәттен негізгі басымдықты іспен айналысқысы келетін азаматтарды оқытуға, біліктілігін көтеруге арнап отыр. Жыл өткен сайын аймақта саланы игеруде оқысам, білесем деген азаматтардың қатары еселеп артады. Мәселен, кәсіпкерлер палатасы жанындағы «Бизнес кеңесі» курсына азаматтар жыл бұрын жазылып қоюды да бастаған. Өткен жылы осы курс аясында оқыған азаматтар саны жоспарлаған межеден екі есе артып, 1555-ті құрады. Биылғы жылы да облыс бойынша 800 азаматты «Бизнес кеңесінің» аясында оқытамыз деген жоспар бар. Дегенмен, бүгінгі күнге дейін курсқа жазылушылардың қатары 1121-ден асты.

Өңірдің кәсіпкерлік саласына тың серпін берген бастаманың бірі – «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен қолға алынған «Бастау бизнес» жобасы. Өткен жылы пилоттық режимде жүзеге асқан бұл жоба облыстың 5 ауданында (Жаңақорған, Шиели, Қармақшы, Қазалы, Арал) жүзеге асырылды. 937 қатысушы оқытылып, оның 358-і өз кәсібін бастап кетті. «Бастау бизнестің» тиімділігін ескере келе, биыл қатысушылар қатарын 1600-ге дейін көбейтіп, 7 ауданда оқыту жұмыстарын жүргізу көзделген. Сонымен қатар, жобаның екі легі Қызылорда қаласында өтеді деп жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысының алдымызға қойып отырған Цифрландыру бастамасы аясында «Атамекен» ҰҚП-сы кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары мен кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының форматын тұтастай өзгерту үшін ұсыныс дайындауда. Палата мұнда онлайн-байланысқа өтуге басымдық беретін болады. Келесі жылдан кәсіпкерлерге онлайн қызмет көрсетуді бастаймыз деп отыр.

Осы жерде атап өтерлігі, кәсіппен айналыссам, үйренсем, білесем дейтін ауыл азаматтарының қатары артты. Дегенмен, барлығының бірдей аудан немесе облыс орталығына келіп, кәсіпкерлер палатасының қызметіне жүгінуге мүмкіндігі бола бермейді. Енді азаматтардың өз ауылынан шықпай-ақ, ауылдық округ әкімінің кабинетінен палата кеңесшілерімен сқайп жүйесі арқылы қосылып, онлайн-кеңес алуға жағдай жасалмақ.

Бүгінде бизнес өкілдері кез келген істі жүргізу мамандарға тікелей байланысты екендігіне толықтай көз жеткізді және кадр дайындау мәселесіне өздері де үлес қосуға әзір. Тәжірибе көрсеткендей, оқу орнының жаңа мамандықтар дайындауға арналған материалдық-техникалық базасы және арнайы оқытушылар деңгейі сәйкес келмеген жағдайда, колледждер бизнеске қажет мамандықтардың лицензиясын ала алмайтындығын көріп отырмыз. Сондықтан да, жақын арадағы облыс әкімдігімен бірлесіп мемлекеттік колледждерді бейімдеуді жоспарлап отыр.

Клаус Швабтың «Төртінші өнеркәсіптік революция» кітабында айтқан, «технологиялардың жеделдетіп дамуын ескере кәсіпкерлердің қабілеттері, тұрақты түрде бейімделуі және түрлі контекстте жаңа дағдылар мен тәсілдерді үйренуі төртінші өнеркәсіптік революцияның басты назарында болады», - деген тұжырымы кадр мәселесінің маңыздылығын көрсетуде.

Осы ретте, оқытуға қатысты және бір мәселе, бүгінде елімізде кәсіпкерлік саласы бойынша басқарушы кадрлардың дайындық және даму

деңгейі өз дәрежесінде емес. Қазіргі жылдам өзгерістер жағдайында заманауи басыпдан стратегиялық ойлау және стандартты емес шешімдер қабылдау талап етіледі. Мұндай талаптар тек үлкен қалалардың басшыларына ғана емес, шалғай, ауылдық жерлердегі басшыларға да қолданылуда. Жоғарыда айтылған мәселені шешу үшін жоғары және орта буын менеджерлеріне, яғни мемлекеттік қызметкерлер, облыс кәсіпкерлері арасындағы кәсіби басқарушыларға арналған оқуларды бірлесіп ұйымдастыруды ұсынды. Ол үшін осы жоба аясында оқуға қатысқан мемлекеттік қызметкерлер мен кәсіпкерлерге жоғары дәрежедегі білім беру ұйымдарынан шақырылған кәсіби бизнес-тренерлер теориялық және практикалық дәрістер өткізетін болады. Бүгінде бұл жобаның ұйымдастырушылық кезеңі аяқталып, оқу процесін бастауға дайындық жүріп жатыр.

Баршаға белгілі «Сауда үздігі – 2017» республикалық байқауында қызылордалық кәсіпкерлер бірнеше номинациялар бойынша І орынды жеңіп алды.

Атап айтқанда:

– «Үздік бөлшек сауда кәсіпорны» номинациясы бойынша «Браунис Қазақстан» ЖШС І орын;
– «Үздік демалыс аймағы» номинациясы бойынша – «Нұр-назар» ЖШС-нің «Арай» спорттық-сауықтыру кешені,

– «Үздік көтерме сауда кәсіпорны» номинациясы бойынша «Абзал және К» ТС бірінші орындарды еншіледі;

– «Жылдың үздік басшысы» номинациясының гран-приі «Абзал және К» ТС-ның директоры Мұрат Сәрсенбаевқа берілді.

Нәтижесінде қызылордалықтардың байқау қорытындысымен І орынға ие болуына орай, үстіміздегі жылы «Сауда үздігі» республикалық байқауы облыста өтетін болды. Байқау өткізу тамыз айына жоспарланып, қажетті қаржы жөнінде ұсыныс қолдау тапты. Байқау өткізу барысында жергілікті кәсіпкерлер үшін тиімді барлық шараларды ұйымдастыру қарастырылатын болады. Яғни, сауда айналымын дамыту, жобалар үшін инвесторлар мен серіктестер табу және т.б. бағыттар бойынша жұмыстар атқарылады.

Сонымен қатар, Кәсіпкерлер палатасы жыл сайынғы «Алтын сапа» сыйлығы мен «Қазақстанның үздік тауары» көрме-байқауын биыл да ұйымдастырып, жергілікті тауарөндірушілерді республика көлемінде таныстыруға жұмыс жасайтын болады.

Кәсіпкерлердің мәселелерін шешуде жергілікті атқарушы органдар Қызылорда кәсіпкерлер палатасына сенімді серіктес болып отыр. Арнайы қызмет көрсету орталығын ашып беруі, кәсіпкерлік максаттағы жер телімдеріне қатысты мәселелер: кадастрлық құнын бөліп төлеуге келісім беріп, аукционды Палата алаңында өткізуі кәсіпкерлер тарапынан жақсы қабылданды. Айта кету керек, қалалық жер комиссиясы, аукцион Палата алаңында өткізілді – бұл еліміз бойынша бірінші болып және біздің аймақта ғана ұйымдастырылуда. Бұл палатаның қала әкімдігімен бірлесіп атқарған жұмысының жемісі.

Жалпы мемлекеттік органдар тарапынан өңірде кәсіпкерлікті дамытуға ең алдымен көзқарас – оң, қолдау бар.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
"Сыр бойы".

ТАБАНДЫЛЫҚ ТАУ ЖЫҒАР



Бизнесті, қазақша айтқанда, кәсіпті бастау оңай емес. Егер де бұл бағыттағы бастамаңыз сәтсіздіктерге ұшырап жатса, әлем тарихында аты қалған кәсіпкерлердің тәжірибесіне зер салыңыз. Ол сізге күш-жігер берер.

1. Мәселен, Hershey Chocolate шоколад империясын құрған Милтон Хершиді алайық. Ол еңбек жолын баспаханада теруші болып бастады. Кейінірек кондитер фабрикасына жұмысқа тұрып, онда конфет пен шоколад жасау технологиясымен танысады. Оның бұл салаға құштарлығы артып, осындай жұмысты өзі бастағысы келіп, компаниясын құрады. Бірақ бұл саладағы алғашқы талаптары сәтсіздікке ұшырайды.

Бұдан соң бақытын Денвер қаласында (Колорадо штаты) сынап көргісі келеді. Бұл жақта карамель дайындау технологиясын үйреніп алған кәсіпкер өндірісін Нью-Йоркте жолға қоюды ұйғарады. Бірақ тағы да сәтсіздікке ұшырайды, бизнес табыс әкелмей қояды. Десе де, оның табандылығын мойындаған жөн. Екі рет сәтсіздікке ұшыраған Херши өз отбасындағы фермаға қайтып оралып, конфеттің ерекше рецептін іздеуден танбайды. Әрі қарайғы тарих белгілі, Херши Милтонның сүт шоколады кондитер бұйымдары рыногында бестселлерге айналады. Бизнесмен ашқан кондитер фабрикасы бас айналдырап ақша мен даңқ алып келді.

2. Гарланд Дэвид Сандерс. Бұл есім онша танымал емес, әйтсе де әлемдік Kentucky Fried Chicken желелі тамақтану желісін көбісі жақсы біледі. Оны құрушыны әдетте «Полковник Сандерс» деп атайды. Бұл табысқа қандай жас та, қандай жала болса да қол жеткізуге болатынының анық дәлелі. Тек арман мақсатына қол жеткізу үшін тыныстан жемісті еңбек ете білу керек.

Ескері қызметі аяқталған соң Сандерс сактандыру агенті, өрт сөндіруші, фермер болып істеп үлгерді. Тіпті оның шағын май

қуя стансасы болды. Рас, соңғысы жергілікті халық үшін полковниктің өз қолымен дайындаған тауық қанаттарынан дәм тататын орын ретінде белгілі еді.

Кулинария оның зейнетке шыққаннан кейінгі өмірлік ісіне айналады. Гарланд штаттар бойынша саяхаттап, жол бойы дәмханалар иелеріне өз рецептін ұсынумен жүрді. Алайда ешқандай нәтиже болмады. Тауық қанаттарын дайындау тәсіліне біреу қызығушылық танытқанша мыңдаған бас тарту болғанын айтады. Дегенмен, мақсат қойған полковник алған бетінен таймаған еді. Бүгінде оның 110 елдегі дәмханалар саны 16 мыңнан асады.

3. Билл Гейтс. Ол әдетте алғашқы рет қала басшылығы үшін жол тарифі есептегіштерін шығаратын Traf-0-Data компаниясы туралы соншалықты айта бермейді. Бұл кәсіпорын көп ұзамастан банкротқа ұшырайды. Алғашқы өнімдері сынақтан өтпей қалып, Гейтстің репутациясы бүлінеді.

Әйтсе де, Гейтстің ұңғырғасы түскен жок және оның көп жылғы ізденістерінің нәтижелерін бүгінгі күні сипаттап жатудың өзі артық.

4. Режиссер Стивен Спилбергтің мойындау тарихы да назар аударуға тұрарлық. Олимп шыңына өрлеу жолында ол көптеген сәтсіздіктерге ұшырайды.

Әуелде ол Оңтүстік Калифорния университеті жанындағы кинематография мәдениеті мектебі тандауынан өтпей қалады. Олан кейінгі талаптары да сәтсіздікке ұшырап, емтихандарын тапсыра алмайды. Ол тіптен осы мектептің басқа факультеттерінде де түсе алмайды. Оның орнында басқа біреу болса үнжұрғасы

біржола түсіп, кинематографиямен мүлде қотқасар еді. Бірақ Стивен алған бетінен қайтпайды. Ол техникалық оқу орнына түсіп, бос уақыттарында кейіннен Universal Pictures студиясының назарына іліккен қысқаметражды фильмдер түсіре бастайды. Ал одан кейінгі оның тарихы белгілі.

5. Уолт Дисней студиясының мультфильмдерін бүгінде нағыз мәдени құбылыс деп айтуға болады. Ал шын мәнінде Микки Маус, Дональд Дак, Гуфи және басқа да кейіпкерлер Уолт өзінің табысына ұмтылуда тым табанды болмағанды пайда да болмас еді. Оны кезінде Канзас Ситидегі газеттен «шығармашылық әлеуеті жетіспейді» деген себеппен шығарып жіберген болатын.

MGM Studios оның Микки Маус идеясын қабылдамайды. Экрандағы тышқан әйелдер қауымын шошпатады деп санады, ал «Үш торай» онда бар болғаны төрт-ақ кейіпкер болғандықтан өтпей қалады. Алайда Дисней сыншылардың айтқандарына назар аудармастан тынбай еңбек ете берді. Ақыр соңында өзінің студиясын құрып қана қойған жоқ, оны мультфильмдер өндіретін ірі көшбасшы фабрикаға айналдыра алды.

Кәсібин жаңа бастап жатқан жандарға табыс, сәттілік тілейміз. Десе де, бәрі ойдағыдай бола бермейтін жағдайлар кездесіп қалады. Егер кәсіп бастап сәтсіздікке ұшырап жатсаңыз, жоғарыда келтірген тұлғаларды еске түсіріп, қайта күш жинап, алға ұмтылып, жетістікке жетіңіз демекпіз.

Әзірлеген Ы. Тұрлығұлов.

